

Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 112 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 7 ақпандағы

N 112 қаулысымен

бекітілген

Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленген және екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - Банк) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға (бұдан әрі - Қарыз алушы) өндірістік мақсаттар (қайта өңдеу) үшін отандық ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алу үшін олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер (бұдан әрі - Кредит) бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау (бұдан әрі - Субсидиялау) тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. Субсидиялау ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың дамуын қолдау шарасы болып табылады және Банктерге Қарыз алушылар Кредиттер бойынша сыйақы ретінде төлейтін төлемдер сомасын ішінара арзандату үшін жүзеге асырылады.

3. Субсидиялау 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасы бойынша көзделген жалпы сомасы 1000000000 (бір миллиард) теңге қаражат (бұдан әрі - Қаражат) есебінен жүзеге асырылады.

2. Бағдарламаның әкімшісі 2005 жылы анықтайтын банктердің сыйақы (мүдде) ставкаларын субсидиялау тәртібі

4. Бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушыларға Банктер беретін Кредиттер бойынша Субсидиялау үшін қаражатты мынадай кіші салалар (лоттар) бойынша бөледі:

- 1) ет өңдеу, құс етін және жұмыртқа өндіру;
- 2) сүт өңдеу;
- 3) тері шикізатын және жүн өңдеу;
- 4) жеміс-жидектерді, көкөністерді өңдеу және жеміс-көкөніс консервілерін, балалар тағамдарын өндіру;
- 5) майлы дақылдарды өңдеу және өсімдік майын өндіру;
- 6) дәнді дақылдарды өңдеу;
- 7) қант қызылшасын өңдеу және қант өндіру;
- 8) шитті мақта өңдеу және мақта-талшығын өндіру.

5. Субсидиялауды жүзеге асыру үшін Бағдарламаның әкімшісі барлық Банктерге алдын ала шақыру жібереді және 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасын іске асыруға қатысушы Банктерді мынадай талаптарға сәйкес анықтауды жүзеге асырады:

- 1) Қарыз алушыға берілетін Кредит бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының деңгейі жылдық 15 (он бес) пайыздан аспауы тиіс;
- 2) Қарыз алушының және жобаның қысқаша сипаттамасын қамтитын Қарыз алушылардың өтінімдерінен қалыптасқан портфелінің болуы;
- 3) Банктің ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындармен оң жұмыс тәжірибесі;

4) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бұрын алынған кредиттер бойынша
б е р е ш е к т і ң б о л м а у ы ;

5) анықтау өткізілетін күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - Уәкілетті орган) пруденциалдық нормативтерін сақтауы;

6) Уәкілетті орган белгілеген жарғылық және меншікті капиталдардың ең төменгі мөлшерінің лимиттерін сақтауы;

7) филиалдық және/немесе корреспонденттік желінің болуы.

Көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу Банктерді 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасын іске асыруға қатыстырмауға негіз болып табылады.

6. Осы Ереженің 5-тармағының 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген талаптарға Банктің сәйкестігін тексеру үшін Бағдарламаның әкімшісі жазбаша сұрау салумен Уәкілетті органға жүгінеді.

7. 107 "Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау" кіші бағдарламасын іске асыруға қатысу үшін Банктерді анықтауды жүзеге асырудың тәртібі, сондай-ақ әрбір лот бөлісінде қатысушылар анықтаған Банктердің тізбесін Бағдарламаның әкімшісі бекітеді.

Бұл ретте бюджеттік Бағдарламаның әкімшісі 2004 жылы бюджеттік бағдарлама бойынша қатысуға іріктеліп алынған және іріктеу кезінде бекітілген Қарыз алушылар тізбесінің және оларды субсидиялау сомасының өзгеруіне жол берген Банктерді қатысушы Банктерді анықтауға қатысуға жібермеуі мүмкін.

8. Лоттар бойынша қаражатты, сондай-ақ лоттағы әрбір Банктің үлесін бөлуді Бағдарламаның әкімшісі әрбір лот бойынша осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін ретінде Бағдарламаның әкімшісі кейінге қалдырмаған Қарыз алушыларға берілуге жататын Кредиттер бойынша сыйақы сомасына тура үйлесімді түрде жүргізеді.

9. Банктер Қарыз алушыларды оларға қойылатын мына талаптарды негізге ала отырып, дербес анықтайды:

1) Қазақстан Республикасының резиденті;

2) Қарыз алушының қаржылық тұрақтылығы, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ Банк бұрын берген кредиттер бойынша б е р е ш е к т і ң б о л м а у ы ;

3) негізделген бизнес-жобаның болуы;

4) өнеркәсіптік технология мен жабдықтарды пайдалануы;

5) өндіруге ұсынылатын өнімнің болуы және өткізу нарығының сыйымдылығы;

б) отандық тауар өндірушіден өндірістік мақсаттар үшін қажетті ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алу.

Бұл ретте 2004 жылы осы бюджеттік бағдарламаны іске асыруға қатысқан және кейіннен Банктердің кредитін немесе олардың бір бөлігін алудан бас тартқан заңды және жеке тұлғалар Қарыз алушы ретінде ұсыныла алмайды.

10. Бір Қарыз алушыға бір жыл ішінде осы Ережеге сәйкес ол бойынша Банкке (Банктерге) Субсидиялау жүзеге асырылатын бір ғана Кредит беріле алады.

11. Республикалық бюджеттен берілетін Субсидиялаудың сомасы он екі айға дейін мерзімге берілген Кредит бойынша сомасы 150000000 (бір жүз елу миллион) теңгеден аспайтын сыйақы (мүдде) ставкасының 80%-ына дейінді құрайды. Бұл ретте Кредиттің пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігінің үлесі барлық Қарыз алушылар үшін т е н б о л у ы т и і с .

12. Анықтаудың қорытындылары бойынша Бағдарламаның әкімшісі қатысушы Банктердің тізбесін бекіткен күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Банктер Қарыз алушыларға Кредиттер береді.

13. Қарыз алушыларға Банктер Кредиттер бергеннен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде Бағдарламаның әкімшісі мен Банктер арасында Қаражат аудару тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін, Қарыз алушылардың тізбесін және өзге де шарттарды көздейтін субсидиялауға арналған шарттар жасалады.

14. Бағдарламаның әкімшісіне Қаражат бөлу кейіннен оларды Банктің есеп айырысу шотына аудару үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

15. Бағдарламаның әкімшісі Банкке Субсидияларды мынадай тәртіппен аударарды: 2005 жылы есептелуге жататын сыйақы бойынша - тоқсан сайын аванстық т ө л е м м е н ;

2006 жылы есептелуге жататын сыйақы бойынша - 2005 жылдың желтоқсан айы і ш і н д е а в а н с т ы қ т ө л е м м е н .

16. Субсидиялар Банк Бағдарламаның әкімшісіне республикалық бюджеттен Банктің есеп айырысу шотына Қаражат аударуға өтінім тапсырған кезде Бағдарламаның әкімшісі және Банктер арасындағы Субсидиялауға арналған шарттың талаптарына сәйкес төленеді.

3. Қорытынды ережелер

17. Қарыз алушы Банкке сыйақы (мүдде) төлеу жөніндегі міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатқан немесе Қарыз алушы кредиттік шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда Банк бес күнтізбелік күн ішінде Бағдарламаның

әкімшісіне осы туралы хабарлауға міндетті. Осы жағдайда Субсидиялау Бағдарламаның әкімшісіне көрсетілген жағдайлардың басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап тоқтатылады.

18. Субсидиялау ретінде алынған Қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны үшін Банктер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауап береді.

19. Кредитті уақтылы және толық қайтару, Кредит бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны үшін Қарыз алушылар Банктердің алдында Қазақстан Республикасының заңнамалық келісімдеріне сәйкес жауап береді.